

FTAMP 16.21.31

М.С. Жолшаева¹, А.Қ. Тұрысбек²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада жоғарғы сынып оқушылары жазатын шығаршылық жұмыстың бір түрі – эссе жанры қарастырылды. Жалпы орта білім беретін мектептердің бағдарламасына енгізілгеніне ұзақ уақыт болмаған бұл жазба жұмысының төңірегінде көптеген сұрақтар туындады. Сол сұрақтардың бір қатарына зерттеу жұмысы жасалды. Нәтижесінде эссе жанрына анықтама беріліп, ерекшеліктері талданды. Эссе мен шығарманың жазылу мақсатына, жанрлық құрылымына, көлеміне, берілген тақырыбына қарай айырмашылықтары көрсетілді. Қосымша мысалдар келтірілді. Эссе жазу барысында жоғары сынып оқушылары жиі жіберетін қателіктері сұрыпталып, айқындалды. Әр қайсысы мысалдармен дәйектелді. Мақаланы жазу барысында Білім және Ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы эссе жазу бойынша дайындаған әдістемелік нұсқаулығы басшылыққа алынды. Нұсқаулықтағы эссе тақырыптары, эсселер, эссенің құрылымы, эссе түрлеріне байланысты мәліметтер пайдаланылды.

Түйін сөздер: эссе, эссенің ерекшелігі, эсседе жіберетін қателіктер, шығарма.

Аннотация. В статье рассматривается жанр эссе. Дается представление понятия эссе, требующее вашей собственной точки зрения и мнения, и сочинение, которое необходимо для улучшения языка письма. Анализируются ключевые различия между эссе и сочинений, приводятся примеры и обоснования различий. В статье также рассматриваются наиболее распространенные ошибки, которые учащиеся могут совершить при написании эссе. При написании статьи были использованы методические рекомендации, разработанные Национальным центром тестирования Министерства Образования и Науки. Также в руководстве использовалась информация, связанная с темами эссе, структурой эссе, типами эссе.

Ключевые слова: эссе, сочинение, различие эссе, ошибки при написании эссе.

Abstract. The article discusses genre of essay. Information is provided on the methodology for teaching essay writing, which is one of the most

important problems of a modern language teacher. An introduction is given to the concept of an essay that requires your own point of view and opinion, and to a composition that is necessary to improve the writing language. Differences between essay and composition that are prerequisites for teaching essays are analyzed. Examples and justification of differences are given. It also mentions mistakes, that students can make when they are writing an essay. During writing the article, methodical recommendation of the National testing center were used.

Keywords: essay, essay writing methods, essay difference, essay writing mistakes.

«Эссе» сөзі латынның «exagium» – «өлшеу» сөзінен шыққан, ал француз тіліндегі «essai» сөзі «тәжірибе» «әрекет», «нобай», «сынақ» деп аударылады. Бұл жанрды әдебиет саласына енуіне басты себепкер болған француз Мишель де Монтеньнің «Тәжірибелер» атты әртүрлі өмірлік тақырыптарды қозғайтын ойтолғаулар тұратын еңбегі. «Кітабымның мазмұны – мен өзіммін» деген француз жазушысы эссе жанрының іргетасын қалады. Әдебиет саласының кейбір зерттеушілерінің пайымдауынша автордың көрген-білгенін, өмірлік тәжірибесінен жинаған білімін өз ой елегінен өткізіп барып жазылатын эссе жанрының шығу тегі осы [1].

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде» эссе жанрына қатысты мынадай анықтама берілген: «Эссе жанры – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше талғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлемнің азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист интеллектуалдық байлығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән» [2, 300 б.]. Алайда бұл анықтамада эссе жанрының табиғаты толық ашыла қоймаған сияқты. Солардың ішінде Ж. Әбдіжәділқызының эссе тақырыбына арналған зерттеулерінде «эссе – журналистің адамгершілік көзқарасын танытатын, авторлық позициясын айқындайтын, кәсіби деңгейін аңғартатын, қалың бұқараның санасына тікелей ықпал етіп, сол арқылы қоғамдық пікір тудыратын жанр» деп, эссені журналистикамен байланыстырады [3, 7 б.]. Ал Д. Ысқақұлы болса, эссені көркем әдебиет пен сын өнеріне қызмет ететін «телқоңыр» жанр ретінде көргісі келеді:

«...сын жанрларының ішіндегі эссе жанры – әдебиет жайлы не бір құнарлы ойлардың бір бұлағы, әдебиетіміз, қаламгерлеріміз хақында жүректі жарып шыққан ақжолтай пікірлерді оқырмандарға жан жылуымен, әсем әсерімен, бейнелі бояуымен сол күйінде жеткізудің бірден бір арнасы. Көркем әдебиет пен оның сынының арасында жүріп, екеуіне бірдей қызмет ететін өміршең жанр. Қазақ эссеистикасы әлі жас. Оның болашағы алда. Қазақ әдебиеті мен сынында эссенің эссеистика аталатын үлкен өркенді салаға айналатындығына сеніміміз мол» [4, 56 б.]. Эссе жанр ретінде қазақ тілі мен әдебиетіне жаңадан еніп жатса да, эссенің өзіне тән табиғатын Абайдың қара сөздері, Шоқан Уәлихановтың жазбалары, Алаш баспасөзіндегі Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлт зиялыларының, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сынды классик жазушылардың, әдебиет зерттеушілері З. Қабдолов, Т. Кәкішев, жазушылар Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Ш. Мұртаза, публицист-ғалым К. Қамзин, Б. Жақып, танымал журналистер Н. Жүсіптің туындыларынан көре аламыз.

Сонымен эссе дегеніміз – нақты бір мәселеге байланысты адамның жеке әсерін, түсінігін, субъективті көзқарасын білдіретін, әр пікірі аргументпен дәйектелетін жазба жұмысы. Эссе – бұл еркін композицияға құрылған, көлемі шағын прозалық шығарма. Шығарма болса – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл шеңбегі. Шығарма – белгілі бір берілген тақырыпқа арналған, міндетті құрылымнан тұратын шығармашылық жұмыс.

Эссе мен шығарманың басты айырмашылықтарының бірі – мақсаты. Эссенің мақсаты – оқушының өзіндік көзқарасын білдіре отырып, сыни ойын жетілдіру, тақырыпқа қатысты пікірлерін нақты дәлелдермен бекіту. Шығарманың мақсаты – оқушыларды көркем образдарды талдап, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұлттық тестілеу ортылығы тарапынан шыққан нұсқаулықта шығарманың мақсатын «жазылым тілін дамыту, логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беруге ұластыру, әдебиетті іштей түсіне отырып, оның мәні мен құдіретті орнын өз дүниесінде көркемдеп бере алу» [5] деп берген. Онымен қоса, шығарма бала білімін бақылау, білім деңгейін тексеруде, жазбаша көркем тілін дамытып, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда пайдалана білуде, ойлау еңбегіне өз беттерімен іздену, өз пікірлерін салыстыру, қорытынды жасай білуге дағдыландыруда, оқушылардың қабілеті дарынына әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулуда мұғалім үшін таптырмас құрал болып саналады. Әдебиетті терең түсініп, жазылым тілін жетілдіруге де септігін тигізетіні белгілі. Мысалы эссенің тақырыбы «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқа өліміне қатысты Құнанбай үкімі дұрыс па?» деген болса, эссенің мақсатына сай оқушы бұл сұраққа өз дүниетанымының, өз білімі мен өмірге деген көзқарасының елегінен өткізіп жауап береді. Бұл

сұрақтың жауабын оқушы тек өзінің субъективті ойы арқылы ғана жауап бере алады, сол үшін де оған бұл тақырыпты тереңірек зерттеу керек. Егер оқушының бұл тақырыпқа өзіндік ойы мен оны негіздейтін аргументтері болмаса, қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, өзге адамдардың пікірімен таныс болуы керек. Кейін тақырып жайлы жинақтаған білімін қорытып, ойын тұжырымдап, өз пікірін қалыптасырады.

Екінші айырмашылық – құрылымы. Шығарма жазуда оқушы міндетті түрде немес мүмкіндігінше жоспар құрып, сол бойынша жазу керек. Жоспар кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Мысалы, «Абай жолы» романындағы «Абай бейнесі» деген тақырыпқа мынандай жоспар құруға болады:

1. Кіріспе: «Қазақтың дара тұлғасы - Абай»;
2. Негізгі бөлім:
 - а. «Ұлылықтың үлгісі болған дара туынды»;
 - ә. «Роман-эпопеядағы Абай бейнесі»;
 - б. «Қазақ халқының жарты ғасырлық энциклопедиясындағы халық өмірі»;
3. Қорытынды: «Абайы бар елдің бағы бар».

Осы құрылған жоспар бойынша оқушы кіріспеде Абайдың қазақ халқының ішінде ғана емес әлемдік деңгейде алатын орны туралы, артынан қалдырған мұрасы туралы жазады. Негізгі бөлімінің бірінші азат жолына «Абай жолы» роман-эпопеясының әдебиеттегі орны, оның қанша тілге аударылғаны және бұл эпопея жайында айтылған пікірлерді жазса болады. Екіншісінде «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың бейнесін, оның бала кезіндегі мен есейген сәтіндегі уайым-қайғысы, даралығы, даналығы туралы пайымдауға болады. Үшінші азат жолда 19 ғасырды көркем суреттеген «Абай жолы» роман-эпопеясындағы халықтың тұрмысы, арман-тілегі, адами құндылықтарын баяндаса болады. Қорытындыда Абайдың қазақ халқына қалдырған тағылымға толы өлеңдері, ғибрат аларлық қара сөздері, поэмалары мен аудармалары туралы сөз етіп, дара тұлғаның әрбір қазақ жүрегінде алған орны туралы жазса ұтымды болмақ. Эсседе мұндай талап жоқ. Қатаң жоспар құрылып, сол бойынша эссе жазылмайды. Мысалы жоғарыда айтқан тақырыпты алайық, бұнда автор бірден Қодар мен Қамқаның өлімі жайындағы Құнанбайдың пікірі дұрыс не дұрыс емес екендігін айтып, соған сай өз дәлелдерін келтірсе болады. Немесе бірден жауабын бермей, оқырманды ойландыратын аргументтер айта отырып, сонында өз пікірін ұсына алады. Яғни автор өзі біледі, ол бірден қойылған мәселенің шешімін жазады ма, әлде сонына дейін жасырады ма. Бұл тікелей автордың шеберлігі мен тақырыпты түсінгеніне байланысты болмақ.

Үшінші айырмашылық – тілдік ерекшелігіне байланысты болып келеді. Шығармада бейтарап лексика қолданылып, көркемдік құралдар аз жұмсалады. Яғни автор экспрессивті сөздерді көп қолданбайды,

оқырманға әсер ету үшін жасалатын көркемдік тәсілдер де сирек ұшырасады. Сол үшін де автор өзінің бар ойын, эмоциясын шығарма жазу арқылы жеткізуде қиындыққа тап болады. Керісінше эссе жазуда автор өзін толық көрсетуге мүмкіндік алады. Оқырманды ойландыратын риторикалық сұрақтарды, әсерлі теңеулер мен метафораларды, троп түрлерін, мәдени кодқа толы тұрақты тіркестерді еркін қолданады. Эссенің талабы автордың ұстанған көзқарасы мен айтқан пікірінің дұрыстығын оқырманға барынша сендіру болғандықтан, ең ұтымды деген тілдік құралдарды пайдаланады.

Төртінші айырмашылық – көлемі. Шығарма әдетте 3-5 беттен тұрады. Одан аз бола алмайды, себебі әдетте жоспар бойынша жазылған шығарма үш бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Әр бөліктегі тақырыпшаны ашылу үшін де минимум 3 бет болу керек болады. Керісінше 5 беттен де аспайды, себебі нақты жоспар құрылғандықтан, одан ауытқуға жол берілмейді. Эссе еркін композициялық жанр болғаны үшін, ол 150 сөзге (жарты бетке) дейін қысқа, 1500-2000 сөзге (10-15 бетке) дейін ұзақ бола алады. Ұзақ мерзімді академиялық эссе жазылса, 2000 сөзге дейін барады. Ал өз ойынды білдіру керек болған еркін тақырыптағы эссе болса, 150 сөз жеткілікті болмақ.

Бесінші айырмашылық – тақырыбы. Шығарманың мақсаты оқушының жазылым тілін дамыту болғандықтан, тақырыбы соған сай болады. Мысалы: «Көксерек әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі» атты шығарма жазу керек болса, онда «Көксерек» әңгімесіндегі басты кейіпкерлердің сыртқы түр-әлпеті мен мінез-құлқы, адами құндылықтары барынша көркем жалпақ тілмен суреттеледі, баяндалады. Эссенің мақсаты болса - оқырманды ойландыру, сол үшін тақырыбы да соған сай күрделі болып келеді. Мысалы: «М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоциялар оқырман психологиясына кері әсер ете ме?» [5,36.] деген тақырыпта эссе жазу үшін оқушы біраз іздену керек. Біріншіден, әңгімеде қандай тосын және қатыгез эмоциялар бар екенін анықтайды. Сосын оқырман психологиясына қалай әсер етеді, соны пайымдайды. Егер кері әсер ететініне келісетін болса, соған сай аргументтер ойластырады. Ал келіспесе, оған да дәлелдер келтіру керек.

Мектепте шығарма жазуға дағдаланған оқушы үшін бірден жаңа жанрда жазу – қиын болады. Сондықтан мұғалім эссе мен шығарманың айырмашылығына жеке-жеке тоқталып, көптеген мысалдармен бекітіп түсіндіру керек. Эссе жанрының өзіне тән өзгешегін толық, дұрыс түсінген оқушы эссе жазуды үйренудің жартысынан көп жұмысын істеген болып саналады. Келесі кезекте көңіл бөліну керек нәрсе – оқушылардың эссе жазу барысында ең көп жіберетін қателіктері. Бұл қателіктерді әр оқушы жіберуі мүмкін. Эссе салыстырмалы түрде мектеп бағдарламасына жаңадан енгізілген жазба жұмысы болғандықтан, бұл - заңды құбылыс.

Оқушыларға алдын ала осы қателіктерді айтып, талдау жасату арқылы болашақта бұл қателікті өздерінің жібермесіне жағдай жасаған абзал.

Бірінші қателік – тақырыпқа сай эссе түрін таңдамау. Жалпы жоғары сынып оқушыларына міндеттелген эссе түрі - әдеби эссе. Әдеби эссе тақырып пен жазылу мақсатына қарай әдеби-талдау эссе, әдеби-сыни эссе, әдеби-синтез эссе, әдеби-дәлелдеме эссе, әдеби-салыстырмалы эссе, әдеби-шығармашыл эссе болып бөлінеді. Әдеби эссенің әр түрінің өзіндік жазылу заңдылықтары бар. Яғни әдеби-талдау эссесін жазғанда туындыға жан-жақты талдау жасалынады.

Әдеби-сыни эсседе автордың көзқарасына, автордың өз ойын жеткізудегі шеберлігіне, ол жасаған образдарға сыни көзқарасын, пікірін білдіріп жазады.

Әдеби-синтез эссе жазу үшін оқушы бір тақырып аясында жазылған бірнеше туындыны талдай келе ортақ шешім шығару арқылы жазады.

Әдеби-дәлелдеме эсседе өзіндік ұстанымын айқындай отырып, пікірін аргументтер арқылы дәлелдеп жазады.

Әдеби-салыстырмалы эсседе оқушы туындыны басқа туындымен, сол туындылардағы кейіпкерлерді, оқиғаларды, образдарды салыстырып, талдап жазады.

Әдеби-шығармашыл эсседе белгілі бір туындыдағы оқиғаны өз шығармашылығымен өрбітіп немесе кейіпкер рөліне еніп, суреттелген оқиға уақытын, мекенін түйсініп, кейіпкердің сезімін, ойын, жай-күйін сезініп, соны өз тарапынан сипаттап, суреттеп береді. Мысалы, оқушыға «М. Әуезов «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоцияларды оқырманна қаншалықты әсерлі жеткізе алды?» [5,36.] деген тақырып берілсе, оқушы «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоциялар оқырманға қаншалықты әсерлі жеткізе алғандығы туралы сыни ойлап, оқырман-сарапшы ретінде ой елегінен өткізіп, эмоцияларды жеткізу үшін қандай тәсілдер қолданды, олар несімен ұтымды болғандығы туралы әдеби-сыни эссе жазуы керек.

Екінші қателік – тақырыптан ауытқу. Нақты тақырыпты ашатын сөздер мен сөйлемдердің орнына эссенің тақырыпқа қатысы жоқ ойды ашып, негізгі тезистен ауытқу. Немесе мүлдем тақырыпты ашпау. Мысалы оқушының «Тосын және қатыгез эмоциялар: М. Әуезовтің «Көксерек» повесі және әлемдік әдебиетте» [5,36.] деген әдеби-синтез эссе жазу барысында тосын және қатыгез эмоцияларды суреттейтін әлемдік әдебиеттегі көркем туындылармен салыстыра отырып жазудың орнына тек «Көксерек» повесіндегі эмоцияларды талдап беруі, әлемдік әдебиеттегі қасқырға байланысты шығармалармен салыстыруы тақырыптан ауытқу болып табылады.

Үшінші қателік – тілдік бірліктерді орынды қолданбау. Мысалы сізге әдеби-сыни тақырыбындағы эссе берілді, сіз өз көзқарасыңызды,

пікіріңізді білдіру барысында тек бейтарап лексиканы қолданып, эмоционалды-экспрессивті сөздерді ұтымды жұмсай алмасаңыз, эссеңіздің сапасы төмендейді. Түсініктірек болу үшін үлгі берейік: Мысалы, «Ұялы телефонға байланған жастар» атты эссе берілсе, оқушы қарапайым, күнделікті қолданып жүрген бейтарап лексикамен мынандай сөйлем жазуы мүмкін «Ұялы телефон қазіргі жастардың ауруы болып есептеледі». Бұл сөйлемнің ешқандай қатесі жоқ, бірақ сонымен қатар бұл сөйлем оқырманның эмоциясына еш әсер етпейді. Енді тура осы мағынадағы сөйлемді эмоцияналды-экспрессивті сөздерді қолдана отырып жазып көрейік «Еліміздің болашағы деп үміт арқан жастарымыздың он үшінші мүшесіне айналған ұялы телефон заманымыздың дертіне айналды». *Еліміздің болашағы деп үміт артқан жастарымыз* сөздері арқылы біз жастарымыздың біздің болашығымыз екенін, оларға зор үміт арту керек екенімізді бір есімізге түсірді. Ұялы телефонды *Он үшінші мүшесіне айналған* эпитеті мүлдем қолымыздан тастамай, оны өзіміздің дене мүшесіміз етіп алғанымызды сарказммен жеткізді. *Заманымыздың дертіне айналды* деу арқылы адамдардың барлығы жаппай ұшараған індет туралы оқырманға біраз ойлануға жол салды. Осылайша әр жазып отырған сөзді орынды, көркем тілде жеткізсе эссе әсерлі болады.

Төртінші қателік – пікір мен аргументтің сәйкес келмеуі. Эссе жазу барысында әр айтылған пікірді аргументпен дәйектеу маңызды. Ал аргумент пен пікірдің сәйкес келуі одан да маңызды. Мысалы, «Әлеуметтік желі жастардың санасын улауда» деген пікірге оқушы әлеуметтік желі жастардың санасын қалай улап жатыр, оның қандай салдары болып жатыр деген сияқты аргументтер келтірілуі керек. Алайда оқушылардың көбісі аргументтің астарына бармай, әйтеуір дәлел болса болды деп, келсін келмесін ғаламтордан тапқан фактілерді жаза береді. Мысалы, жоғарыда айтылған пікірге «Қазіргі жастардың үштен бірі шынайы өмірде көрісуден гөрі әлеуметтік желіде сөйлесуді жөн көреді» деген аргумент жазуы мүмкін. Бұл аргумент пікірді мүлдем дәлелдеп тұрған жоқ. Келтірілген аргумент әлеуметтік желінің жастардың қоршаған ортамен, адамдармен арақатынасына зиянын тигізеді деген пікірге сай келер еді.

Бесінші қателік – анализдің дұрыс жасалмауы немесе мүлдем анализдің болмауы. Әрбір айтылған аргументтен кейін оны оқушы өз сөзімен анализ жасап түсіндіріп кетуі керек. Анализ жасалмаса, қандай сапалы аргумент келтірмеңіз, оның маңыздылығы болмайды. Бұл қателік түсініктірек болу үшін Ұлттық тестілеу орталығы тарапынан шыққан нұсқаулықтағы үлгіні келтірейін. Тақырып: «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқа өліміне қатысты Құнанбай үкімі дұрыс па?» [5,36.]. Негізгі бөлімнің бірінші азат жолы: «Қодар мен Қамқаны өлтірмеске Құнанбайдың амалы болмады. Ру басыларының жиынында Сүйіндіктің сөзіне: «Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып,

көпке жайып әкеткен елді терге. ...Ел аузына қақпақ болып көрші», - деп шарасыздық танытып сөйлейді. Автор Құнанбай мен Сүйіндік арасындағы тайталас арқылы оқиғаның өріс жайып, шарықтап кеткендігін жеткізеді. Анық-қанығы айқындалмаса да, елге тыйым салу қажет. Сондықтан Құнанбай үкімінің өлім болуы шарасыздықтан туындаған». Бұл азат жолдағы пікір Қодар мен Қамқаның өлтірмеске Құнанбайдың амалынын болмағандығы. Оған аргумент ретінде Құнанбайдың Сүйіндікке айтқан сөзін алған. Анализде Құнанбайдың сөзін өз түсінгені бойынша жазып, талдау жасаған. Яғни тек аргументті қана келтіріп қою аздық етеді. Оны міндетті түрде өз сөзімен талдау керек.

Алтыншы қателік – азат жолға дұрыс бөлмеу. Эссеге жоспар құру міндеттелмесе де, әр жаңа пікірге жаңа азат жол арнау керек. Кіріспе бөлімінің азат жолы 4-7 сөйлемнен тұрады. Азат жолға бөлуде қиынға соғатыны негізгі бөлім болып есептеледі. Ол орташа 2-3 азат жолдан құралады. Негізгі бөлімнің әр азат жолы тақырыпқа байланысты пікірден, оны дәлелдейтін аргументтен, анализден және азат жолдың қорытындысынан тұрады. Негізгі бөлім азат жолдардың көп болуы оқушының шеберлігіне байланысты болады. Тезисті қолдайтын қанша пікір мен аргумент тапса, сонша азат жол болады. Әдеби эссе жазу үшін негізгі бөлімге 2-3 азат жол жеткілікті. Және де қорытынды, ол 3-5 сөйлемнен тұрады. Азат жолдан жазылады.

Жетінші қателік - логикалық қателіктер. Бұндай қателік көбінесе, негізгі бөлімнің екінші немесе үшінші азат жолын жазу барысында болады. Оқушы өз тезисінде білдірген көзқарасына қарсы қолдаушы пікір қолданады. Түсінікті болу үшін «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқа өліміне қатысты Құнанбай үкімі дұрыс па?» [5,36.] тақырыбына тезис пен негізгі бөлімді құрайтын тезисті қолдаушы пікірлер алайық. Тезисті, яғни тақырыпқа байланысты көзқарасымызды, Құнанбайдың үкімі дұрыс деп берсек, оған байланысты пікірлер де сол көзқарасқа сай болу керек. Мысалы, бірінші тезисті қолдаушы пікір «Қодар мен Қамқаны өлтірмеске Құнанбайдың амалы болмады» болса, екінші азат жолға «Қодар мен Қамқаны өмірден оздыру арқылы Құнанбай ішкі есебін жүзеге асыруға жол ашты» деген пікір жаза алмаймыз, себебі бұл пікір біздің бастапқыда Құнанбайдың үкімі дұрыс деген көзқарасымызға қарсы келеді. Бұндай қателікті болдырмас үшін, біріншіден эссе тақырыбына байланысты бар пікірлерді қағаз бетіне жазып алу керек, солардың ішінен нақты аргументтер таба алатын пікірлерді теріп алу керек. Сосын соған сай тезис құрастыру қажет. Қысқасы, эссе жазар алдында ойша немесе жазбаша жоспар құрып алу керек болады.

Сегізінші қателік – орфографиялық, пунктуациялық қателер. Эссе жазу барысында оқушылар көбінесе бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын, жалпылауыш мүшеге байланысты қойылатын, оңашаланған мүшеге байланысты қойылатын сызықша мен айқындауыш мүшеге,

құрамалас сөйлемдер арасына қойылатын үтір қоюда қате жібереді. Бұл қателер жібермес үшін ережелерді қайталап, қатемен жұмыс жасалып отыру керек.

Тоғызыншы қателік – эссенің көлемін қадағаламау. Жоғары сынып оқушылары өздері таңдаған тақырып бойынша эссе көлемі 200 – 250 сөз, қазақ әдебиетінен тереңдетілген сыныптарда 250-300 сөз жазады. 200 сөзден аз болса эссенің тақырыбы ашылмай қалады. Ал 300 сөзден асып кетсе артық сөздер қолданып, тақырыптан ауытқып кету қаупі болады.

Жоғары сынып оқушыларын эссе жазуды үйрету барысында осы айырмашылықтар мен қателіктерге тоқталған жөн. Тек эссенің өзіне тән қасиеті мен басқа жанрлардан айырмашылығын дұрыс түсінген оқушы ғана эссе жазарда қиналмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жұматай А., Камзин К. Эссе жанрының талғамы мен табиғаты // KazNU Bulletin. Journalism series (40), 2016. – №2. – 99-102 бб.
- 2 Әдебиеттану терминдер сөздігі/ құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
- 3 «Журналист» газеті. – №9 (34) қыркүйек 2005. – 7 б.
- 4 Ысқақұлы Д. Сын өнері: Әдеби сынның теориясы: оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. – 304 б.
- 5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы: Эссе жазу бойынша әдістемелік нұсқаулық (қазақ тілі мен әдебиеті): Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, 2018. – 19 б.
- 6 Тертычный А.А. Аналитическая журналистика: учеб. Пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2010. – С. 217.